



Мемлекеттік қызметке қабылдаудың үлгі контрактісін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 21 мамыр N 622. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2000.06.06. N 855 қаулысымен. ~P000855

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Қоса беріліп отырған Мемлекеттік қызметке қабылдаудың үлгі контрактісі бекітілсін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 21 мамырдағы
N 622 қаулысымен
Бекітілген

Мемлекеттік қызметке қабылдаудың
Үлгі контрактісі

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес жұмыс істейтін

(мемлекеттік органның атауы)
атынан

(лауазымы, аты-жөні)
бір тараптан және азамат _____
(аты-жөні)

екінші тараптан мыналар жөнінде осы контрактіні жасасты:

1. _____
(мемлекеттік органның атауы)

1.1. _____
(азаматтың аты-жөні)

_____ ретінде
(лауазымның, кәсіптің атауы, оның құрылымдық
_____ бөлімшесі)
" " _____ жұмыс істеуді ұсынады

және тиісті лауазымға қойылатын талаптарды орындағанда, сондай-ақ осы контрактіде айтылған міндеттерді табысты орындаған жағдайда оған лауазымдық жалақыдан, біліктілік сыныбы үшін қосымша ақыдан, мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары үшін үстеме ақыдан, сыйақыдан және басқа да үстеме ақылардан тұратын еңбекақы белгілейді.

1.2. Еңбекті материалдық ынталандырудың қосымша шарттарын

белгілей алады.

1.3. Қызметшіні қажетті ақпаратпен қамтамасыз етеді, тапсырмалар белгілейді және міндеттер қояды, оның өз міндеттерін орындауына қажетті жағдайлар жасайды, еңбекке қолайлы жағдайларды ұйымдастырады.

1.4. Ішкі еңбек тәртібі ережелерінің орындалуын бақылайды.

1.5. Қызметшінің заңдарда және осы контрактіде көзделген құқықтары мен мүдделерін қорғауға кепілдік береді.

2. _____
(азаматтың аты-жөні)

екі лауазымдық жалақы мөлшерінде сауықтыруға арналған жәрдемақы төлене отырып, жыл сайын ұзақтығы отыз күнтізбелік күн болатын ақылы демалыс береді.

2.1. _____
(азаматтың аты-жөні)

қалауынша жыл сайынғы ақылы демалыс оған бөліп-бөліп берілуі мүмкін.

2.2. _____ заңдарға сәйкес
(азаматтың аты-жөні)

еңбекақысы сақталмайтын демалыс берілуі мүмкін.

3. _____ және оның бірге
(азаматтың аты-жөні)

тұратын отбасы мүшелері денсаулық сақтаудың тиісті мемлекеттік мекемелерінде белгіленген тәртіппен медициналық қызмет көрсетуді пайдаланады.

4. _____ қызметтік
(азаматтың аты-жөні)

міндеттерін орындауға байланысты өмірі мен денсаулығына зиян келтірілгенде, сондай-ақ қызметте болған кезеңде науқастанған немесе еңбекке жарамсыз болып қалған жағдайда тегін мемлекеттік сақтандырумен қамтамасыз етіледі.

5. _____ қайтыс болған
(азаматтың аты-жөні) жағдайда оның отбасы мүшелеріне мемлекеттік органдағы соңғы қызмет орны бойынша үш айлық лауазымдық жалақысы мөлшерінде жәрдемақы төленеді, бұл ретте жәрдемақының мөлшері қолданылып жүрген заңдарда белгіленген жәрдемақы мөлшерінен төмен болмауға тиіс.

6. _____
(азаматтың аты-жөні)

6.1. Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарын орындауға.

6.2. Азаматтар мен заңды тұлғалардың құқықтарының, бостандықтары мен заңдық мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз етуге заңдарда белгіленген тәртіп пен мерзімде азаматтардың өтініштерін қарауға, олар бойынша қажетті шаралар қабылдауға.

6.3. Өкілеттігін өзіне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыруға.

6.4. Өкілеттігін өзіне берілген құқықтар шегінде және лауазымдық міндеттеріне сәйкес жүзеге асыруға.

6.4. Мемлекеттік және еңбек тәртібін сақтауға.

6.5. Қызметтік этика нормаларын сақтауға.

6.6. Өкілеттіктері шегінде шығарылған басшылардың бұйрықтары мен өкімдерін, жоғары тұрған органдар мен лауазымды адамдардың шешімдері мен нұсқаларын орындауға.

6.7. Мемлекеттік құпияларды және заңмен қорғалатын басқа да құпияны сақтауға, оның ішінде мемлекеттік қызметті тоқтатқаннан кейін де сақтауға.

6.8. Қызметтік міндеттерін орындау барысында алынған, азаматтардың жеке өмірін, намысы мен арына қатысты мәселелерді құпияда ұстауға, заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, олардан осындай ақпарат беруді талап етпеге.

6.9. Мемлекеттік меншіктің сақталуын қамтамасыз етуге.

6.10. Қызметтік міндеттерін тиімді орындау үшін өзінің кәсіптік деңгейі мен біліктілігін арттыруға міндеттенеді _____

7. Контрактінің қолданылу мерзімі тараптардың келісуі бойынша белгіленеді, бірақ ол 5 жылдан аспайды. Мерзімі өткен соң контракт жаңа мерзімге ұзартылуы немесе бұзылуы мүмкін. Контракт мерзімі өткен соң еңбек қатынастары жалғастырылса және тараптардың ешқайсысы оларды тоқтатуды талап етпесе, қызметшімен белгісіз мерзімге еңбек шарты жасалады деп есептеледі. Мемлекеттік органның басшысы контрактінің мерзімі аяқталғанға дейін кемінде екі ай бұрын қызметшіге контракті мерзімінің ұзартылмайтыны туралы жазбаша хабарлауға міндетті.

8. Контракт мерзімінен бұрын қызметшінің бастамашылығымен мынадай жағдайларда бұзылуы мүмкін:

өз еркімен жұмыстан босату туралы арыз бергенде; мемлекеттік қызметте еңбек сіңірген жылдары үшін зейнет демалысына кетуге құқығы бар мемлекеттік қызметшінің бастамашылығымен.

9. Контракт мерзімінен бұрын мемлекеттік орган басшысының бастамашылығымен:

мемлекеттік қызметші "Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 22-бабында белгіленген мемлекеттік қызметті өткерудің шекті жасына жеткен; мемлекеттік қызметші өзінің кірісі мен мүлкі туралы әдейі

жалған мәлімет берген;

Қазақстан Республикасының азаматтығын жоғалтқан жағдайларда бұзылуы мүмкін.

10. Контрактінің тоқтатылуына сондай-ақ мыналар негіз болады:

"Мемлекеттік қызмет туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының 29-бабының негізінде мемлекеттік қызметшінің отставкаға кетуі;

Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген басқа да негіздер.

11. Қызметшіге контракті бойынша жұмыс басталған күннен бастап үш айға дейін сынақ мерзімі белгіленуі мүмкін. Егер қызметші аталған мерзім ішінде сынақтан өтпеді деп танылса, ол жұмыстан босатылады.

12. Контракті тараптарының даулары Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген тәртіппен шешіледі.

13. Осы контрактінің шарттары тек тараптардың келісімі бойынша ғана өзгертіледі, ол туралы контрактіге қосымша жасалады.

14. Ерекше жағдайлар:

15. Егер контрактіде басқаша көзделмесе контракт оған қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және 199__ ж " __ " _____ дейін қолданылады.

16. Контракт 2 дана мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалады, олардың әрқайсысының бірдей заңдық күші бар.

Контрактіге мыналар қоса беріліп отыр: _____
(қызметкердің

мемлекеттік органға берген жеке құжаттарының тізімдемесі)

Азамат

Басшы

(аты-жөні)

паспорты, сериясы, N

қолы, күні

қолы, күні